

Жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетуге арналған ЖАРИЯ ШАРТ

Осы Жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетуге арналған жария шарт (**бұдан әрі - Шарт**) Оператордың телекоммуникациялық желісі және олармен технологиялық байланысты өзге де қызметтер шеңберінде тіркелген байланыс арқылы Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетудің, сондай-ақ бұдан әрі – «Оператор» деп аталатын «Freedom telecom Operations» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсету үшін қажетті жабдықты ұсынудың жалпы шарттарын айқындайды. Осы Шартқа қосылған тұлға бұдан әрі «Абонент» деп аталады. Шарт бойынша Абонент пен Оператор бірлесіп «Тараптар», ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталады.

Осы Шартта келесі негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1. **Абонент** – осы Шартты жасасқан жеке тұлға.
2. **Абоненттік төлем** – Нақты тұтынылған қызметтер көлеміне қарамастан, айқындалған кезең үшін Абоненттің төлеуге міндетті белгіленген тұрақты төлем мөлшері.
3. **Аутентификациялық деректер** – Интернетке қолжетімділік қызметін және (немесе) олармен технологиялық байланысы бар қызметтерді алу құқығын растау үшін пайдаланылатын Абоненттің бірегей логині мен құпиясөзі.
4. **Байланыс нөмірі** – Абоненттің Шартқа қосылу туралы өтініште және жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде көрсеткен, Қызметтерді қашықтан басқаруға, Шарт бойынша қызмет көрсету шарттарын өзгертуге және Оператордан Хабарламалар алуға арналған абоненттік телефон нөмірі. Байланыс нөмірі кез келген оператордың нөмірі болуы мүмкін. Байланыс нөмірі Абоненттің немесе Оператордың бастамасы бойынша Оператордың жүйелеріндегі нөмірлерді өзектендіруге бағытталған іс-шаралар кезінде өзгертілуі мүмкін.
5. **Сандық қосымшалардағы аккаунттар** – Telegram, Facebook, WhatsApp және басқа да осындай қосымшалар сияқты сандық платформалардың функционалына қолжетімділікті қамтамасыз ететін пайдаланушының тіркеу деректері.
6. **Жеке шот** – Оператордың биллинг жүйесінде көрсетілген қызметтердің көлемін, Абонент енгізген ақшалай қаражаттардың түсуі мен жұмсалуды есепке алу үшін арналған аналитикалық есеп регистрі.
7. **Жеке кабинет** – Оператордың интернет-ресурсында немесе абоненттік құрылғыдағы мобильді қосымшада Абонентке осы Шарттың қолданылу кезеңіне бөлінген, тарифтік жоспарлар мен/немесе қызметтерді өз бетінше басқару, бақылау және басқарудың автоматтандырылған интерфейсі бар жеке бөлім. Абонент Жеке кабинетке Оператор айқындайтын Абонентті сәйкестендіру деректерін (бірегей логин, құпиясөз, код сөзі және/немесе басқа деректер) пайдалана отырып кіреді.
8. **Жабдық** – Қызметтерді пайдалану үшін жабдық: роутер, тіркеме және Шарт бойынша Қызметтерді көрсетуге арналған басқа да құрылғылар. Осы жабдықтың сипаттамасы, құны және техникалық сипаттамалары, сондай-ақ құрамдас бөліктері жабдықты қабылдау-тапсыру актісінде және Шартқа №1 Қосымшаға сәйкес көрсетілген.
9. **Абоненттің жеке деректері** – электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық тасымалдағышта тіркелген жеке тұлғаға қатысты мәліметтер. Мұндай ақпараттың тізбесі Оператормен бекітіліп, <https://ftel.kz> сайтында орналастырылады.
10. **Серіктестер** – Оператордың жұмыс процестерін қамтамасыз ету үшін, соның ішінде, кез келген қызметтерді сапалы көрсету немесе ілгерілету мақсатында Оператормен жасалған шарттар негізінде Оператор тартатын тұлғалар.
11. **Оператордың өкілі** – агент, дилер, дистрибьютор, сондай-ақ олардың субагенттері мен өкілдері – Оператордың атынан қызмет көрсету шарттарын тарату, байланыс қызметтерін көрсету туралы шарттарды жасау немесе Абоненттерге Оператордың өзге де қызметтерін ұсыну құқығына сенімхат немесе тиісті шарт негізінде уәкілетті заңды немесе жеке тұлға.

12. **Оператордың сайты** – <https://ftel.kz> мекенжайы бойынша орналасқан интернет желісіндегі Оператордың ақпараттық ресурсы.

13. **Тариф** – байланыс қызметтерінің бірлік құнының ақшалай көрінісі.

14. Тарифтік жоспар – байланыс қызметтерінің тізбесі мен құнын, олардың көрсетілу және тарифтеу ерекшеліктерін айқындайтын, Оператор Абоненттерге немесе Абоненттердің белгілі бір тобына немесе белгілі бір аумаққа ұсынатын тарифтік ұсыныстар жүйесі.

15. Инсталляциялық төлем – Оператор тарапынан байланыс қызметтерін ұсыну үшін қажетті жабдықтарды орнату және жүйелерді баптау жұмыстары үшін Абоненттен бір рет алынатын төлем.

16. Оператордың хабарламасы – Абонентке Қызмет көрсетуге қатысты жіберілетін Оператордың жазбаша, дауыстық немесе мәтіндік (Оператордың және/немесе бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен) хабарламасы.

17. Қысқа мәтіндік хабарлама (sms, ussd) – Оператордың желісі мен абоненттік құрылғының техникалық мүмкіндіктерімен рұқсат етілетін көлемде және реттілікте терілген әріптер мен/немесе сандар және/немесе белгілерден тұратын ақпараттық хабарлама.

18. Интернетке қолжетімділік қызметі – Интернет желісі арқылы деректерді қабылдау және беру қызметі. (бұдан әрі – Қызмет).

19. «Тұрақты сымсыз интернет» қызметі – Интернетке тұрақты сымсыз қолжетімділік технологиясын пайдалана отырып деректерді қабылдау және беру қызметі.

20. **Есептік кезең** – Шарт бойынша ұсынылатын әрбір қызмет үшін есептен шығару кезеңділігімен айқындалатын, қызметтер ұсынылатын және есепке алынатын уақыт аралығы. Есептік кезеңнің ұзақтығы әрбір жекелеген қызметтің қолданылу мерзіміне байланысты болады.

Осы Шартта сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұғымдар мен анықтамалар қолданылады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Шартқа сәйкес Оператор Абонентке Қызметтер көрсетеді, ал Абонент осы Шартта көрсетілген тәртіпте Оператор көрсететін Қызметтерін төлейді.

1.2 Осы Шарт жария шарт болып табылады, оның талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әзірленген және Оператор тарапынан дербес түрде бекітіледі. Осы Шарттың талаптары Абонентпен Оператордың сайты арқылы электрондық нысанда немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде, Оператормен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өзге де тәсілмен Шарттың №1 қосымшасына сәйкес Шартқа қосылу туралы өтінішке қол қою арқылы оларға тұтастай қосылу жолымен ғана қабылдануы мүмкін.

1.3 Осы Шарт бойынша Абоненттің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңнамасы мен осы Шартта көзделген тәртіптен тыс басқа тұлғаларға берілмейді. Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қызметін жүзеге асыру үшін Серіктестерді тарта алады.

1.4 Абонент Шартқа қосылған сәттен бастап, Оператор Абоненттің Дербес деректерін жинауды, өңдеуді және «Freedom Telecom Operations» ЖШС саясатына сәйкес Абоненттердің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау бойынша басқа да іс-шараларды жүзеге асырады. Абонент осы Шартқа қосыла отырып, Оператордың Дербес деректерін жинау және өңдеу үшін үшінші тұлғаларды, соның ішінде Серіктестер мен Өкілдерді тартуға құқығы бар екендігіне және басқа да іс-шараларды орындауға келісімін білдіреді және қарсылық білдірмейді. Оператор өзінің қызметі аясында бұл деректерді Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес уәкілетті органдарға және (немесе) Серіктестерге, Өкілдерге қосымша келісімсіз бере алады.

Абоненттің Дербес деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алу Абоненттің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметтер тізімі Оператордағы Абоненттің Дербес деректерінің бар болуына байланысты, және егер келісім кері қайтарылса, Қызметтер толық немесе ішінара тоқтатылуы мүмкін.

1.5 Оператор Абонентке Қызметтерді пайдалану үшін жабдықты уақытша пайдалануға береді, Оператордың Өкілдері оны Абоненттің тұрғылықты жерінде Қызметті пайдалану кезеңіне орнатады. Абонент Жабдықтың сақталуын қамтамасыз етуге және осы Шарттың

талаптарын бұзған жағдайда немесе Шарт бұзылған жағдайда оны Операторға қайтаруға міндеттенеді.

1.6 «Тұрақты сымсыз интернет» Қызметіне қосылу үшін Оператор Абонентке Оператордың сайтында орналастырылған тарифтік жоспар шарттарына сәйкес №1 Қосымшада көрсетілген Жабдықты береді.

1.7 Осы Шартқа қосыла отырып, Абонент Оператордан және/немесе Серіктестерден жарнамалық және ақпараттық сипаттағы хабарламаларды байланыс нөмірлеріне, электронды пошта мекенжайларына және басқа да цифрлық қосымшалар аккаунттарына алуға келісімін береді.

2. ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ

2.1 Қызмет сипаттамасы:

2.1.1 Абонент таңдаған Қызметтер тізімі және онымен технологиялық тұрғыда байланысты қызметтер осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес, Оператор немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген басқа құжатта көрсетіледі.

2.1.2 Оператор осы Шарт бойынша көрсететін қызметтердің, тарифтік жоспардың, соның ішінде акциялардың тізімі Оператордың сайтында, сату және қызмет көрсету кеңселерінде, және (немесе) Оператордың Өкілдері мен үшінші тұлғалардың кеңселерінде орналастырылады, немесе қысқа мәтіндік хабарламалар жолдау арқылы, және (немесе) Оператордың қызметтері туралы жарнамалық материалдарда хабарланады, және (немесе) Оператордың ақпараттық-анықтамалық қызметі арқылы беріледі. Осылайша, Абонент тарифтік жоспарды іске қосып, Оператордың қосымша қызметтеріне тапсырыс бере отырып, олардың көрсетілу шарттарын, тарифтеуін қабылдайды және оларды алуға, қосуға және төлеуге келісімін береді.

2.1.3 Цифрлық бейне контенті мен стриминг қызметтері Оператордың қосымша қызметтері болып табылады және осы Шарттың №1 Қосымшасына сәйкес Келісімге қосылу туралы өтініш негізінде, Оператордың сайтында немесе Оператор немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген басқа жолмен ұсынылады, ол <https://fmedia.kz> сайтында орналастырылған Жария шартқа қосылу келісімі болып табылады. Цифрлық бейне контенті мен стриминг қызметтерін көрсету шарттары телерадиохабар тарату қызметтерін көрсету туралы Жария шартымен айқындалады. Оператордың қызметтер тізімі толық емес және Оператор тарапынан толықтырылуы мүмкін.

2.1.4 Абонент Қызметтерді таңдалған тарифтік жоспарға және Оператордың Қызмет көрсету шарттарына сәйкес пайдаланады және Қызметтерге осы Шартта көзделген тәртіп пен шарттар бойынша ақы төлейді. Жеке тұлғаларға арналған қызметтердің толық сипаттамасы мен тарифтері Оператордың <https://ftel.kz> интернет-ресурсында орналастырылған.

2.1.5 Интернетке қол жеткізу арнасының өткізу қабілеті Абонент таңдаған тарифтік жоспарға сәйкес шектеледі.

2.1.6 Қызмет өзінің сипаттамалары бойынша Абонент таңдаған тарифтік жоспарға сәйкес көрсетілген өткізу қабілетін барлық интернет ресурстарға кепілдік бермейді, оның өткізу қабілеті бұл ресурстардың арна/жабдықтарының өнімділігінің шектеулеріне толығымен байланысты болады. Интернетке қол жеткізу жылдамдығына, сонымен қатар Абонент пайдаланатын Жабдықтың, сондай-ақ базалық станциялардың жұмысына теріс әсер ететін үшінші тараптардың жабдықтарының (күшейткіштер, репитерлер және т.б.) өнімділігі әсер етеді. Оператор сыртқы факторларға әсер ете алмайды және өзінің желісінен тыс жерде белгіленген жылдамдыққа кепілдік бере алмайды. Қызметтің өткізу қабілеті Оператордың шекаралық бағдарлауыштарына дейін кепілдендіріледі.

2.2 Қызмет көрсету тәртібі:

2.2.1 Оператор Қызметті тек техникалық мүмкіндігі бар кезде, тек нақты мекенжайлар (жеке тұлғалар) бойынша көрсетеді.

2.2.2 «Тұрақты интернет» Қызметін көрсету басталуы абоненттік төлем енгізілген күннен бастап есептеледі. «Тұрақты сымсыз интернет» Қызметін көрсету басталуы тарифтік жоспардың іске қосылу сәтінен бастап есептеледі. Қызметке қол жеткізудің жұмысқа жарамдылығы Оператордың шекаралық бағдарлауыштарына дейін кепілдендірілген.

2.2.3 Абонентке Оператордың Сайтында Жеке кабинетке қол жеткізу мүмкіндігі беріледі, онда Абонент қосылым параметрлерін (Тарифтік жоспарлар, қосымша қызметтер) өзгерте алады және статистиканы қарай алады.

2.2.4 Қызмет шеңберінде Абонентке Жеке кабинетке қол жеткізу мүмкіндігі беріледі, сонымен қатар Абонент Оператордың Жеке кабинетінде және Сайтында жарияланған ақпаратты аптасына кемінде 1 (бір) рет тексеруге міндетті. Жеке кабинетпен жұмыс істеу ережелері Оператордың Сайтында орналастырылған.

2.2.5 Егер Абоненттің сессиясы 24 сағаттан артық үзіліссіз жалғасса, Оператор жабдығының жұмыс ерекшеліктеріне байланысты қысқа мерзімді үзілістер болуы мүмкін.

2.2.6 Жабдықты қабылдап-тапсыру актісіне қол қою арқылы Абонент Жабдықтың толық көлемде Оператордан қабылданғанын, жұмыс сапасына және көлеміне шағымы жоқ екенін және болашақта да болмайтынын растайды.

2.2.7 Орнату мекенжайы мен Жабдық тізімі қабылдап-тапсыру актісінде көрсетіледі.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Оператор мыналарға міндетті:

3.1.1 Абоненттің өтінімін алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде Оператор Жабдықты Абоненттің мекенжайына орнатуға тиіс.

3.1.2 Қажетті профилактикалық және жөндеу жұмыстарын жүргізуді немесе Оператор жабдықтарының ерекшелігінен туындаған жұмыстарды қоспағанда, осы Шарттың қолданылу кезеңінде Абонент таңдаған Қызметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасына, Шартқа және тарифтік жоспардың талаптарына сәйкес күн сайын, тәулігіне 24 сағат үзіліссіз пайдалануға беруге міндетті.

3.1.3 Абонент осы Шарттың талаптарын бұзған жағдайда, Оператор Жабдықты және оның құрамдастарын Абоненттен ақысыз қабылдауға және оның сыртқы зақымдануларын және жағдайын тексеруге міндетті.

3.1.4 Жабдықты тексеруден кейін, Абонент пен Оператор екі данада қабылдау-беру актісін рәсімдейді, онда тараптардың атауы, Жабдықтың атауы мен жинақталуы, оның жағдайы, зауыттық нөмірлері, актінің жасалған күні, тараптардың қолдары көрсетіледі. Актіге екі тараптың қол қоюы Оператордың Жабдықты қабылдаумен байланысты барлық әрекеттерді, оның ішінде жинақтылығын және сыртқы жағдайын тексеруді орындағанын білдіреді. Бұл ретте Жабдықты беру күні болып қабылдау-беру актісіне қол қойылған күн саналады.

3.1.5 Оператордың Сайтында хабарландыру жариялау немесе электрондық пошта арқылы Абонентке алдын ала хабарлама жіберу арқылы жоспарланған профилактикалық жұмыстар туралы хабарлауға міндетті.

3.1.6 Қызмет көрсетудің тоқтатылуына Оператор кінәлі болған жағдайда, жөндеу жұмыстарын жүргізіп, Абоненттің Қызметтерге қол жеткізуін келесі мерзімдерде қалпына келтіруге міндетті:

- Стандартты сервис – 72 сағат;
- Жабдықты ауыстырумен байланысты сервис – 120 сағат;
- Кабель ұрлығына байланысты сервис (Оператордың мүлкі) – 72 сағат;
- Жабдық ұрлығына, оптикалық кабельдің тұтастығын бұзуға, магистральдық кабельге байланысты сервис (Оператордың мүлкі) – 120 сағат;
- Форс-мажорлық жағдайлар, техникалық жабдыққа қол жеткізуді талап ететін жағдайлар – 120 сағат.

Жоғарыда көрсетілген мерзімдер өңірдегі қолайсыз ауа райының тікелей әсеріне байланысты ұзартылуы мүмкін. Қызмет көрсетудің тоқтатылу уақыты Абоненттің Оператордың техникалық қызметіне жүгінген сәтінен бастап есептеледі.

3.1.7 Оператордың кінәсінен болған ақауларды жою, оның есебінен жүргізіледі. Абоненттің кінәсінен болған ақауларды жою, егер бұл роутерге, коннекторға, кабельге байланысты болмаса, Абоненттің өз күші мен ресурстары арқылы жүзеге асырылады.

3.1.8 Абоненттік төлемді қайта есептеуді Оператордың кінәсінен телекоммуникациялық желіге қол жеткізу болмаған жағдайда, осы Шартта белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға міндетті.

3.1.9 Қазақстан Республикасының жедел-іздігі қызметі және қылмыстық-процессуалдық заңнамасында көзделген жағдайлар мен тәртіптерді қоспағанда, Абоненттің телекоммуникациялық желілер арқылы берілетін ақпараттарының құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

3.1.10 Шарт бойынша Қызметтер үшін төлем кешіктірілген жағдайда, Қызметке қол жеткізуді тоқтата отырып, қарызды толық өтегеннен кейін 24 (жиырма төрт) сағат ішінде Қызметке қол жеткізуді қайта жаңғыртуға міндетті.

3.1.11 Оператордың жұмыс тәртібіне сәйкес, Қызметтерге қатысты сұрақтар бойынша Абонентті кеңес беріп, ақпараттандыруға міндетті.

3.1.12 Қазақстан Республикасының байланыс қызметтерін көрсету ережелеріне сәйкес, Абонентке ағымдағы есептік кезеңдегі Жеке шоттың жай-күйі, Қызметтерді пайдалану уақыты, олардың ұзақтығы және құны туралы есептік ақпаратты ұсынуға міндетті. Бұл ақпарат Абоненттің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетіп, Оператордың сату және қызмет көрсету кеңсесіне тиісті жазбаша өтінішпен келген кезде немесе Оператормен анықталған басқа тәсілдер арқылы беріледі.

3.1.13 Абоненттің Жеке шотындағы қаражат көлеміне байланысты Қызметтердің көлемін шектеуге құқылы.

3.1.14 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да міндеттерді орындауға тиіс.

3.2 Оператор құқылы:

3.2.1 Осы Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге, тиісті ақпаратты Оператордың Сайтында жариялау немесе Қысқа мәтіндік хабарламалар арқылы жіберу, сондай-ақ Абонент көрсеткен электрондық пошта арқылы немесе сандық қосымшалар аккаунттары арқылы баламалы арналармен хабарламалар жіберу арқылы өзгерістер енгізуге құқылы. Осы Шартқа енгізілген өзгерістер немесе толықтырулар Оператор, оларды жариялаған немесе Абонентке хабарлаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абоненттен жазбаша түрде Шарттан бас тарту туралы хабарлама алмаған жағдайда, қабылданған және келісілген болып саналады.

3.2.2 Тарифтік жоспарлардың, Оператордың басқа Қызметтерінің шарттарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуге немесе оларды біржақты тәртіпте жоюға құқылы. Бұл ретте, Оператор Абонентті 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын қысқа мәтіндік хабарламаларды жолдау арқылы және (немесе) басқа жалпыға қолжетімді тәсілдермен (соның ішінде: Оператордың Сайтында ақпарат орналастыру арқылы және (немесе) Оператордың және (немесе) Серіктестердің, және (немесе) Оператордың Өкілдерінің сату және қызмет көрсету кеңселерінде, және (немесе) Абонент ұсынған электрондық пошта мекенжайына хабарлама жолдау арқылы және (немесе) Шартта көзделген өзге тәсілдермен) алдын ала хабардар етеді. Оператор жоғарыда аталған тәсілдердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын қолдануға құқылы. Бұл ретте, қандай да бір тәсілмен хабарлама жіберілмеуі Абонентті уақтылы және тиісінше хабардар етпеу фактісін білдірмейді.

3.2.3 Егер Тарифтік жоспардың немесе Қызметтің жойылғаны туралы хабарландырудан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Абонент басқа Тарифтік жоспарға немесе Қызметке өтпесе немесе осы Шарттың 7.4-тармағына сәйкес Шартты бұзбаса, Тарифтік жоспар немесе Қызмет жойылған жағдайда Абонентті басқа Тарифтік жоспарға немесе Қызметке өз қалауы бойынша ауыстыруға құқылы.

3.2.4 Абонент осы Шарттың талаптарын, соның ішінде осы Шарттың 3.3-тармағын бұзған жағдайда, Қызметтерді толық немесе ішінара ұсынуды бұзушылықтар толық жойылғанға дейін тоқтата тұруға құқылы. Егер бұзушылықтар жойылмаса, Оператор Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қызметке қол жеткізуді тоқтатады. Бұл ретте, Қызметтерге қол жеткізу шектелген уақыт кезеңі үшін өтемақы немесе қайта есептеу жүргізілмейді.

3.2.5 Қосымша қызметтер көрсетілген кезде, Абонентті бұл туралы жалпыға қолжетімді тәсілдермен хабардар ете отырып (соның ішінде: қысқа мәтіндік хабарламалар жолдау арқылы және (немесе) Абонент ұсынған электрондық пошта мекенжайына жіберу арқылы және (немесе) Оператордың Сайтында ақпарат орналастыру арқылы және (немесе) Оператордың және (немесе)

Серіктестердің, және (немесе) Оператордың Өкілдерінің сату және қызмет көрсету кеңселерінде немесе баламалы арналар арқылы), осы қызметтерді көрсету шарттарын белгілеуге құқылы.

3.2.6 Қызметтерді сатуды ұлғайтуға, Абоненттердің адалдығын арттыруға, жаңа Абоненттерді тартуға бағытталған жарнамалық акциялар, ұтыс ойындары, басқа да маркетингтік іс-шараларды, сондай-ақ жаңа немесе қолданыстағы тарифтік ұсыныстар бойынша жеңілдік және/немесе акциялар ұсыныстарын Абоненттердің пайдалану белсенділігін зерттеу мақсатында Оператор белгілеген Абоненттер топтарына арналған маркетингтік науқандарды өткізуге құқылы.

3.2.7 Қызмет шеңберінде Абоненттің берешегі болған жағдайда, қарызды өндіріп алу үшін үшінші тұлғаларды тартуға, беруге немесе сатуға құқылы, бұл ретте, Абонент осы Шартқа қосыла отырып, Операторға осы Шарт шеңберінде алынған және қарызды өндіріп алуға қажетті өз Дербес деректерін мұндай тұлғаларға беруге сөзсіз келісімін береді.

3.2.8 Абоненттің келісімімен, Оператор белгілейтін қызметтерді болашақ төлемдер есебінен көрсетуге құқылы. Оператор ұсынған Қызметтердің құны Абоненттің Тұлғалық шотын толықтыру арқылы және Оператордың осы шоттан ұсынылған Қызметтердің құнын есептен шығару арқылы төленеді, бұл ретте Абонент Қызметті қосу арқылы өз келісімін береді.

3.2.9 Абоненттің жауапкершілік аймағында ақаулар туындаған жағдайда қосымша ақылы қызметтерді көрсету үшін мердігерді ұсынуға құқылы. Оператор мердігер ұсынған қызметтердің сапасына жауап бермейді.

3.2.10 Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Оператордың анықтамалық-ақпараттық қызметіне келіп түсетін кіріс қоңырауларды жазуға құқылы. Абонент Оператордың қызметіне қатысы жоқ мәселелер бойынша бірнеше рет жүгінуі немесе Оператор қызметкеріне құрметсіздікпен қарау жағдайында Оператор Абоненттің анықтамалық-ақпараттық қызметке қол жеткізуін шектеуге құқылы.

3.2.11 Абоненттің осы Шарттың және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасының негізінде тоқтатылғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өз Тұлғалық шотындағы қалдық ақшаны қайтару туралы жазбаша талап қоймаған жағдайда, Оператор Абоненттің Тұлғалық шотынан ақшаны Оператордың кірісіне есептеуге құқылы.

3.2.12 Абонент өз Дербес деректерін жинауға және өңдеуге берген келісімін кері қайтарып алған жағдайда, Оператор осы Шартты орындаудан біржақты тәртіппен толық немесе ішінара бас тартуға құқылы.

3.2.13 Абонентті телерадио хабарларын тарату қызметін («Freedom Media») қарастырмайтын Тарифтік жоспарға ауыстырған жағдайда, Оператор Жабдықты қайтаруды талап етуге құқылы.

3.2.14 Абонент Жабдықты қайтармаған, оны бүлдіргені, жоғалтқаны немесе оның қосалқы бөлшектеріне ақы төлемеген, сондай-ақ Абоненттік төлемді төлемеген жағдайда, Оператор үшінші тұлғалар мен уәкілетті органдарға жүгінуге құқылы. Бұл ретте, Абонент Қабылдау-беру актісінде көрсетілген Жабдық пен қосалқы бөлшектердің толық құнын, Абоненттік төлем бойынша берешекті, барлық сот шығындары мен өсімпұлды төлеуге міндетті. Сондай-ақ, Оператор жоғарыда аталған тұлғаларға Абонент туралы, оның Дербес деректерін, Шарт туралы мәліметтерді, алынған Қызметтердің көлемдері мен құны, берешек сомалары және өзге де қажетті ақпаратты беруге құқылы.

3.2.15 Оператордың кінәсінен телекоммуникациялар желісіне қол жеткізу болмаған жағдайда, Абоненттік төлемді Оператор белгілейтін баламалы қызметтерді ұсыну арқылы қайта есептеуге құқылы.

3.2.16 Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

3.3 Абонент міндетті:

3.3.1 Оператордың Қызметтері үшін, сондай-ақ шарттар мен таңдалған Тарифтік жоспарға сәйкес айыппұлды (өсімпұлды) қоса алғанда, өзге де есептеулер мен төлемдерді уақтылы және толық көлемде төлеуге міндетті.

3.3.2 Шарт жасасу кезінде Байланыс нөмірі туралы шынайы ақпаратты ұсынуға міндетті. Өз деректемелерінің (тегі, тұрғылықты мекенжайы және т.б.) және Байланыс нөмірінің өзгергені туралы Операторға жазбаша түрде 10 (он) күнтізбелік күн ішінде хабарлауға міндетті. Байланыс

нөмірінің өзгергені туралы Операторға хабарламаған жағдайда, Оператор Абоненттің Оператордың Хабарламаларын алмауына жауапты емес.

3.3.3 Шартқа, Тарифтік жоспарларға, Қызметтерді ұсыну шарттарына енгізілген өзгерістермен Оператордың Сайтында және Жеке кабинетте орналастырылған ақпаратпен уақтылы танысуға міндетті.

3.3.4 «Тіркелген интернет» қызметі бойынша Абонент өзіне берілген логиннің (-дердің), құпия сөз (-дердің) құпиялылығын қамтамасыз етуге міндетті.

3.3.5 Үшінші тұлғалардың және ұйымдардың Абонент ресурстарын рұқсатсыз пайдалануына жол бермеу мақсатында өзінің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуін дұрыс баптау және пайдалану үшін барлық шараларды қабылдауға міндетті. Абонент сонымен қатар компьютерлік «вирустардың» алдын алуды уақтылы жүргізуге міндетті.

3.3.6 Қызметтерді тек қызмет тіркелген мекенжай бойынша пайдалануға, Қызметтер мен Жабдықты өз бетінше Қызметті қосуға арналған өтінімде көрсетілген мекенжайдан көшіруді жүзеге асырмауға міндетті.

3.3.7 Интернет желісіндегі деректерді беру және телематика қызметтерін пайдалану кезінде Абонентке тыйым салынады:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ халықаралық заң талаптарына сәйкес таратуға тыйым салынған ақпаратты Оператор желісі арқылы таратуға;

- деректерді беру желілері, телематика қызметтері, телефон желілері, олардың элементтері, сондай-ақ Абонентке тиесілі емес компьютерлер, басқа жабдықтар немесе бағдарламалық қамтамасыз етудің қалыпты жұмыс істеуін бұзу немесе рұқсатсыз қол жеткізуге бағытталған әрекеттер жасауға;

- компьютерлік «вирустарды» қамтитын немесе Абонентке тиесілі емес компьютерлердің қалыпты жұмысын бұзуы мүмкін ақпаратты немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді жариялауға, беруге;

- Оператордың Қызметін үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға Интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін ұсыну үшін, сондай-ақ басқа операторлар мен байланыс желілерінен трафик өткізу үшін пайдалану, сондай-ақ Қызметті коммерциялық мақсаттарда пайдалану (компьютерлік және ойын клубтары, букмекерлік ұйымдар). Абонент осы тармақты бұзған жағдайда, Оператор келтірілген зиянды өтеу (алынбаған пайда) мақсатында осы Шарттың 5.6-тармақшасында көрсетілген айыппұлды Абонентке қолдануға құқылы;

- Оператордың немесе үшінші тұлғалардың мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін әрекеттер жасауға;

- Қазақстан Республикасында белгіленген ережелерге сәйкес сертификатталмаған және Оператор желісінің жұмысқа қабілеттілігін бұзуы мүмкін жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, Оператордың Қызметін пайдалануға;

- желінің жұмысының бұзылуына және (немесе) Операторға зиян келтіруі мүмкін басқа әрекеттер жасауға.

3.3.8 Оператордың Өкілдеріне Жабдықты орнату және баптау үшін кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге, қызмет үзіліп/тоқтатылған жағдайда, Оператордың техникалық жабдығы орналасқан ғимаратқа кіру шектеулі болған жағдайда, сервистік қызмет көрсету үшін оған қол жеткізуге мүмкіндік беруге міндетті.

3.3.9 Жабдық Абонентке пайдалануға берілген жағдайда, Шарттың аяқталуына немесе Қызметтің өшірілуіне/одан бас тартуға байланысты, Қызметтен бас тарту туралы өтініш берген күні, немесе Қызметті өшіру жоспарланған күні, не Шарттың аяқталу күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Жабдықты барлық жинақтаушы бөлшектерімен бірге жұмыс жағдайында және тиісті күйде Операторға қайтаруға міндетті. Әйтпесе, Жабдықтың құнын Оператордың электрондық, мобильдік немесе өзге де қолжетімді байланыс құралдары арқылы талап жолданған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Операторға өтемақы ретінде төлеуге тиіс.

3.3.10 Жабдыққа немесе оның жинақтаушы бөлшектеріне зақым келген жағдайда, Жабдықты қабылдап алу-тапсыру актісінде көрсетілген соманы, көрсетілген факт анықталған сәттен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде төлеуге міндетті.

3.3.11 «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметін тек 1-қосымшада көрсетілген тіркеу мекенжайы бойынша пайдалануға, Қызметтер мен Жабдықты өз бетінше Қызметті қосуға арналған өтінімде көрсетілген мекенжайдан көшіруді жүзеге асырмауға міндетті.

3.3.12 «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметін тек 1-қосымшада көрсетілген жабдықпен және берілген негізгі SIM-картамен бірге пайдалануға міндетті. Негізгі SIM-карта бойынша «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметі шығыс және кіріс қоңырауларды және SMS-терді жүзеге асыру мүмкіндігінсіз, тек Интернетке тіркелген қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

3.3.13 Оператор белгілеген шарттармен (шарттық жағдайлар) «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметіне қосылу кезінде абоненттік төлемді уақтылы төлеуге міндетті.

3.3.14 Егер жабдықты арнайы бағамен алу және сатып алу шарттарында «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметін пайдаланудан бас тартқан жағдайда, шарттық жағдайлардың мерзімі аяқталғанға дейін немесе төлем шарттарын бұзған жағдайда, Оператор белгілеген мөлшерде бір реттік айыппұлды төлеуге немесе осы Шартта белгіленген тәртіппен жабдықты Операторға қайтаруға. Бұл ретте, айыппұл төленгенге дейін «Тіркелген сымсыз интернет» Қызметіне қолжетімділік бұғатталады. Айыппұл төленіп, баланс толықтырылғаннан кейін аталған қызметке қолжетімділік қайта қалпына келтіріледі.

3.3.15 Абонентке қолданылатын, осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын 3-қосымшада көрсетілген санкциялық ескертпеге қатысты ережелерді сақтауға міндетті.

3.4 Абонент құқылы:

3.4.1 Оператор туралы, оның жұмыс тәртібі мен Оператор ұсынатын Қызметтер жиынтығы туралы қажетті және сенімді ақпаратты талап етуге;

3.4.2 Операторды жазбаша немесе Оператор көрсеткен басқа түрде хабардар етіп, Қызметтердің тізбесін, Тарифтік жоспарды өзгертуге, сондай-ақ Жеке кабинеттегі Қызметтерді басқару жүйесі арқылы өзгерістер енгізуге;

3.4.3 Оператордан Қызметтердің мазмұны, ерекшеліктері және шектеулері, Қызметтерді төлеу тәртібі, Оператор бөлімшелерінің жұмыс режимдері және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен көлемде өзге де ақпаратты алуға;

3.4.4 Авариялық жағдайлар туындаған, Қызметтердің сапасы қанағаттандырылмаған немесе Қызметтерде үзілістер болған жағдайда, бұл туралы жазбаша түрде Сату және тұтынушыларға қызмет көрсету кеңсесіне немесе Оператордың Сайтында көрсетілген телефондар арқылы ауызша хабарлауға;

3.4.5 Шартты біржақты тәртіппен бұзуға, 7.4-тармаққа сәйкес Операторды жазбаша хабардар ете отырып, Шартты бұзу күніне дейін көрсетілген Қызметтер бойынша туындаған берешегін төлеуге және пайдалануға берілген Жабдықты осы Шартта көзделген тәртіппен қайтаруға;

3.4.6 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

4 ТАРИФТЕР МЕН ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

4.1 Қызметтерге тарифтерді Оператор өз бетімен қалыптастырады. Абонент таңдаған Тарифтік жоспар, қызметтер тізімі, соның ішінде осы Шарт бойынша Оператор ұсынатын акциялар туралы ақпарат Оператордың сайтында орналастырылады және осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Қызметті пайдалану барысында Абонент енгізген қаражат Оператормен Тарифтік жоспардың қолданыстағы шарттарына сәйкес есепке алынады. Абонент кейбір Тарифтік жоспарлар, Қызметтер және оларға байланысты технологиялық қызметтер белгілі бір шектеулі мерзімге әрекет етуі мүмкін екеніне келіседі. Мұндай Тарифтік жоспарларды, Қызметтерді және технологиялық қызметтерді қабылдай отырып, Абонент Оператор белгілеген ережелерді, олардың әрекет ету мерзімі аяқталғанға дейін және мерзімдерді есептеу тәртібін қабылдайды. Басқа арнайы ережелер немесе мерзім аяқталу шарттары болмаса, мұндай мерзімдер Астана уақыты бойынша есептеледі. Күндермен, апталармен немесе айлармен белгіленген мерзімдерге Тарифтік жоспарды, Қызметті және оларға байланысты технологиялық қызметтерді белсендіру күні кіреді және ол тәулік аяқталуына дейін қалған уақытқа қарамастан бірінші күн болып есептеледі.

4.2 Егер Тарифтік жоспардың шарттарымен басқа жағдайлар көзделмесе, алғашқы стандартты қосылымның құны Тарифтік жоспардың құнына кіреді.

4.3 Тарифтік жоспарды басқа Тарифтік жоспарға ауыстыру Абоненттік шотта бұғаттаулар болмаған жағдайда және Тарифтік жоспарды ауыстыру жүзеге асырылатын есепті кезеңнің соңына дейін қалған күндерге жаңа Тарифтік жоспардың құнын төлеуге жеткілікті соманың болуы және Тарифтік жоспарды ауыстырғаны үшін төлем болған жағдайда (егер әрбір жеке Тарифтік жоспардың шарттарымен қарастырылған болса) жүзеге асырылады. Абонент кейбір Тарифтік жоспарлар және/немесе Қызметтер шектеулі мерзімге әрекет етуі мүмкін екендігіне келіседі және мұндай Тарифтік жоспарларды, Қызметтерді қабылдай отырып, Абонент Оператор белгілеген ережелерді қабылдайды. Тарифтік жоспарлардың және/немесе Қызметтердің мерзімдерін есептеу тәртібі де Астана уақыты бойынша жүргізіледі. Мерзімдер Тарифтік жоспарды, Қызметті белсендіру күніне байланысты есептеледі және сол күн тәулік аяқталғанға дейін бірінші күн ретінде саналады.

4.4 Тарифтік жоспарды ауыстыруды Абонент Жеке кабинет арқылы немесе тіркеу және басқа да қажетті деректерді растау арқылы ақпараттық-анықтамалық қызметке жазбаша немесе ауызша хабарласу арқылы жүзеге асырады. Тарифтік жоспарды ауыстыру ережелері мен шарттары Оператордың сайтында орналастырылады.

4.5 Қызметтер алдын ала төлем негізінде ұсынылады. Қызметтер үшін төленуге тиісті сома Жеке кабинетте шот ұсынбай көрсетіледі. Алдын ала төлем – бұл Шартта белгіленген тәртіппен Абонент енгізген Қызметтер үшін аванстық төлем. Аванстық төлемді Абонент Оператордың сайтында көрсетілген төлем нұсқауларына сәйкес жүзеге асыра алады. Абоненттің Қызметтер үшін жасаған аванстық төлемдері алдымен Абоненттің берешегін өтеуге жұмсалады, ал берешек өтелгеннен кейін қалған сома Абонент таңдаған Тарифтік жоспарға сәйкес Қызметтер үшін төлемдер ретінде пайдаланылады.

4.6 Абонент Операторға аударған қаражат Оператордың есепшотына түскеннен кейін Абоненттің Жеке шотына/логиніне есепке алынады және тенгемен тіркеледі. Қызметтерге аванстық төлемнің ең жоғары сомасы айына 100 000 (жүз мың) теңгеден аспауы тиіс.

4.7 Қызметтерге алдын ала төленген төлемдер туралы ақпарат Абоненттің Жеке кабинетінде көрсетіледі. Абонент өз Жеке шотының жай-күйін үнемі тексеріп отыруға міндетті.

4.8 Абоненттің Жеке шотындағы/логиніндегі қаражат толықтай пайдаланылған немесе келесі ай сайынғы абоненттік төлемді есептен шығаруға қаражат жеткіліксіз болған жағдайда, Оператор барлық немесе кейбір Қызметтерді ұсынуды тоқтата тұруға құқылы.

4.9 Осы Шарт бойынша Қызметтерге ақы төлеу кезінде Абонентке тіркеу рәсімінен өткеннен кейін берілген Жеке шот/логин көрсетіледі.

4.10 Абоненттің Жеке шотының балансы таңдалған Тарифтік жоспар бойынша Қызметтер үшін төлемді есептен шығаруға жеткіліксіз болған жағдайда, Қызметтер Оператор тарапынан тоқтатылады. Қызметтер Абоненттің Жеке шотындағы баланс таңдалған Тарифтік жоспар талап еткен мөлшерге дейін толықтырылғанда ғана қайта қосылады және бұл 3.1.10-тармаққа сәйкес жүзеге асырылады.

4.11 Абоненттің өтініші бойынша Оператор Қызметке қолжетімсіздік Оператордың кінәсінен болған жағдайда, есептік кезең үшін пайдаланғаны үшін Абоненттік төлемді 3.1.8, 5.9-тармақтарда көрсетілген шарттарға сәйкес қайта есептейді.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1. Осы Шартты орындамау немесе тиісінше орындамау үшін Тараптар Шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.

5.2. Оператор Абонентке шарттық міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауап береді, бұл ретте Оператор мен Абонент осы арқылы жауапкершіліктің Абонентке келтірілген тікелей зиянның (нақты зиян) мөлшерімен шектелетінін келіседі және Оператор Абоненттің және (немесе) үшінші тұлғалардың ықтимал шығындары мен жоғалған пайданы өтемейді.

5.3. Егер Оператор осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамау немесе тиісінше орындамау:

- осы Шарттың 6 бөлімінде көрсетілген жағдайлар;

- Абоненттің Қазақстан Республикасының заңнамасы және осы Шартпен белгіленген міндеттемелерді бұзуы;
- Үшінші тұлғалардың Қызметтерді рұқсатсыз пайдалануы;
- Үшінші тұлғалардың басқа да әрекеттері (әрекетсіздігі) себептерін дәлелдесе жауапкершіліктен босатылады.

5.4. Абонент өз ақпаратын (оның ішінде Абоненттің логині мен құпиясөздерін), өзінің бағдарламалық және аппараттық қамтамасыз етуді Оператордың Қызметтерін пайдаланған кезде сақтауды және қорғауды қамтамасыз етуге және толық жауапкершілікті көтеруге міндетті.

5.5. Егер Абонент осы Шарттың шарттарын сақтамаса, Оператор барлық немесе Абонентке көрсетілетін Қызметтердің бір бөлігін алдын ала ескертусіз тоқтатуға, соның ішінде Абонентті жабдық портынан ажыратуға құқылы.

5.6. Абонент Оператордың Қызметтерін үшінші тұлғаларға немесе ұйымдарға интернет желісіне қол жеткізу қызметтерін көрсету үшін пайдаланғаны, сондай-ақ басқа операторлар мен байланыс желілерінен трафикті өткізу үшін, сонымен қатар коммерциялық мақсатта (компьютерлік және ойын клубтары, букмекерлік ұйымдар және басқа ұйымдар) пайдаланғаны үшін Оператордың жазбаша талабына сәйкес, соңғысына төменде көрсетілген формула бойынша есептелетін айыппұлды төлеуге міндетті:

$$(CT) - (HT) = S$$

C — заңды тұлға үшін Оператордың тарифтері бойынша интернетке қолжетімділік қызметін пайдаланудың орташа құны, бір айға;

H — жеке тұлға үшін Оператордың тарифтері бойынша интернетке қолжетімділік қызметін пайдаланудың құны, бір айға;

T — Шарт шарттарын бұзуымен Қызметті пайдаланған айлардың жалпы саны;

S — айыппұл сомасы.

5.7. Оператор 5.6. тармағында көрсетілген Шарт шарттарының бұзылуын анықтаған жағдайда, Абонентке айыппұл сомасын көрсеткен жазбаша талап жібереді. Айыппұл сомасы Оператордың жазбаша талабын жасаған сәттен бастап 10 (жұмыс) жұмыс күні ішінде Абонент тарапынан төленуі тиіс.

5.8. Оператор:

- Абоненттің Оператор Қызметтері арқылы жіберіп алған және қабылдаған ақпараттың сапасы, мазмұны, қолданыстағы заңнамаға сәйкестігі, соның ішінде Абонент тарапынан үшінші тұлғаларға Қызметтер арқылы келтірілген кез келген зиян үшін;
- Оператор Қызметтерін тікелей немесе жанама түрде пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген шығындар, соның ішінде жоғалған пайда үшін;
- Абоненттің Оператор Қызметтері арқылы қол жеткізген басқа ұйымдардың немесе үшінші тұлғалардың тауарларын немесе қызметтерін пайдалануы үшін;
- Оператордың кінәсінен болмайтын Қызметтердің берілуін тоқтату немесе сапасының нашарлауы үшін;
- Үшінші тұлғалар әкімшілік ететін интернет желісінің жекелеген желілік түйіндерінің немесе ресурстарының қолжетімсіздігі мен шектеулері үшін;
- Оператор тарапынан алдын ала хабарландырылған профилактикалық немесе жөндеу жұмыстары барысында Қызметтердің берілуін тоқтату немесе сапасының нашарлауы үшін;
- Абоненттің (құпиясөздерді қоса алғанда) немесе Абоненттің жабдықтарын үшінші тұлғалар немесе ұйымдар тарапынан, Абоненттің рұқсатынсыз немесе рұқсатымен пайдалану нәтижесінде туындаған кез келген шығындар, соның ішінде жоғалған пайда үшін;
- Оператор желісі арқылы Абоненттарға ұсынылатын үшінші тұлғалардың қызметтері мен қызметтері, соның ішінде контент-провайдерлердің қызметтері, соның ішінде уақытында жеткізілмеу, жеткізілмеу, қызметтердің мазмұны мен сапасы үшін;
- Оператор желісінің жұмысын тоқтату, Абоненттің балансын толықтырудағы қателіктері және/немесе баланс толықтыру карталарын және басқа банктік төлемдерді жүктеу кезінде туындайтын шығындары үшін;
- Абоненттің ұқпысыздығынан немесе басқа себептермен жасалған әрекеттер немесе жіберіп алған жағдайлар, егер бұл тармақ болмаса, Операторға құқықтық негіздер бойынша талап қоюға әкелуі мүмкін;

- Абоненттің мәліметтерін (детальданған шотты қоса алғанда) ұстап отырған конфиденциалды ақпараттың жоғалуына жауап бермейді, егер Абонент шот күйі, детальданған шоттар туралы ақпаратты, Абонент көрсеткен электронды поштаға жіберу қызметін таңдаған болса жауап бермейді.

5.9. Оператордың кінәсінен Қызметтердің берілуі күніне 8 сағаттан астам тоқтатылған жағдайда, Абоненттің талабына сәйкес, Оператор Абоненттің соңғы есептік кезеңдегі тоқтату үшін Абоненттік төлемнің бір күндік сомасын Абоненттің жеке шотына қайтаруға міндетті, бірақ айлық Абоненттік төлемнің құнынан аспауы тиіс. Абоненттің талабынсыз қайта есептеу Оператор анықтайтын баламалы қызметтерді ұсыну арқылы жүзеге асырылады. Қызметтердің болмау уақыты Абоненттің Оператордың техникалық қызметіне жүтінген сәттен бастап есептеледі.

5.10. Осы Шарт бойынша Оператордың барлық тікелей және жанама жауапкершілігі тек 5.2. тармағын қолдану арқылы шектеледі.

5.11. Абоненттің өзі де, басқа да жеке немесе заңды тұлғалар да Абоненттің аты мен құпиясөзін пайдалана отырып жүргізген барлық іс-әрекеттер үшін жауапкершілік толығымен Абоненттің өзіне жүктеледі.

5.12. Абонент өзінің Жеке кабинетінде логин мен құпиясөзінің астында жасалған, оның ішінде тарифтік жоспарлардың өзгеруіне (жоғарылату/төмендету), қосымша қызметтерді тапсырыс беруге және сатып алуға байланысты барлық әрекеттер үшін жауапты.

5.13. Егер Абонент төтенше жағдайлардан немесе Абонент Жабдықты қабылдаған кезде білмеген және білмеуі тиіс болған Жабдықтың қасиеттері нәтижесінде туындағанын жоғалтуды, жетіспеушілікті немесе зақымдануды дәлелдемесе, ол уақытша иелікке алынған және пайдалануға берілген Жабдық үшін жауап береді.

5.14. Бір Тарап Жабдықтың және/немесе оның жинақтың жоғалуы, жетіспеушілігі немесе зақымдануын анықтаған жағдайда, оны анықтаған Тарап дереу екінші Тарапқа хабарлауы тиіс. Жабдықты және оның жинақтарын бірлесіп тексеру нәтижесінде Тараптар жоғалған (зақымданған немесе жетіспейтін) Жабдық немесе жинақтар тізімін, сонымен қатар Операторға өтелуге жататын жоғалған және/немесе зақымданған Жабдық немесе жинақтардың құнын көрсететін акт жасайды:

- жоғалған (бүлінген немесе жетіспейтін) Жабдықтардың немесе жинақтауыштардың тізбесі;
- операторға өтелуге жататын жоғалған және/немесе бүлінген жабдықтың және/немесе оның жинақтауыштарының құны.

5.15. Акт құрастырылған күннен бастап, 5.14. тармағына сәйкес, Абонент Операторға зақымданған немесе жоғалған Жабдықтың құнына тең соманы 10 жұмыс күні ішінде қайтаруға міндетті.

5.16. Абонент Шарттың 3.3.9-тармағында, 3.3.10-тармағында, 5.15-тармағында көрсетілген жабдықты қайтару немесе жоғалған және/немесе бүлінген жабдықтың және/немесе оның құрамдас бөліктерінің құнын төлеу мерзімдері кешіктірілген жағдайда, жабдықты қайтару немесе жоғалған және/немесе бүлінген жабдықтың және/немесе оның жинақтауыштарының құнын өтеу жөніндегі Абоненттің міндеттемесін нақты орындаған сәтке дейін кешіктірілген әрбір күнтізбелік күн үшін қайтарылмаған немесе жоғалған/бүлінген жабдықтың және/немесе оның жинақтауыштарының сомасынан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде өсімпұл төлеуге міндетті.

6. КЕЗДЕЙСОҚ ЖАҒДАЙЛАР

6.1 Егер күшінен тыс жағдайлар немесе осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауға әсер ететін Тараптардың еркіне байланысты емес басқа жағдайлар пайда болса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Жауапкершіліктен босату үшін зардап шеккен Тарап осындай жағдайлардың пайда болған сәтінен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде екінші Тарапты хабардар етуі тиіс.

6.2 Кездейсоқ жағдайлар ретінде, оның ішінде, бірақ шектелмей: табиғи апаттар, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, әскери қақтығыстар, заңнамалық актілердің, үкіметтің қаулыларының, мемлекеттік ұйымдардың тыйым салатын/шектеуші бұйрықтарының күшіне

енуі, осы Шартта көрсетілген қызмет түрлерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлар деп танылады.

6.3 Кездейсоқ жағдайлардың пайда болған кезінде осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі кез келген шығындарды өтеусіз, осындай жағдайлардың әсер ету кезеңіне ұзартылады.

7. ШАРТТЫҢ МЕРЗІМІ, ЖАСАЛУ ЖӘНЕ ТОҚТАТУ ТӘРТІБІ

7.1 Осы Шартқа қосымшалар мен қосымша келісімдер, оның ажыратылмас бөліктері болып табылады және жазбаша түрде рәсімделуі тиіс.

7.2 Шарттың қолданылу мерзімі таңдалған тарифтік жоспарға сәйкес осы Шарт бойынша Абоненттің Дербес шотына/логиніне аванс түскен сәттен бастап айқындалады және Қызметті пайдаланудың барлық кезеңі ішінде қолданысын жалғастырады. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе немесе Абонент келісімді кері қайтарып алған сәтке дейін Абоненттің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім, оларды жинау және өңдеу мақсаттары үшін қажетті мерзім ішінде қолданылады.

7.3 Шарт белгісіз мерзімге жасалды.

7.4 Шарттың әрекеті тараптардың келісімімен, осы Шарттың шарттарына сәйкес, жазбаша хабарлама/Хабарлама жіберу арқылы 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын күтілетін мерзімге дейін тоқтатылуы мүмкін. Осы кезде Шарттың тоқтатылуы, сондай-ақ Абонентті Оператордың арнайы портынан (Оператор тарапынан ұсынылған барлық Қызметтердің тоқтатылуын қоса) өшіруді, берілген Қызметтер үшін қарызды төлеуді және уақытша меншікке және пайдалану үшін берілген Жабдықты қайтаруды қамтиды.

7.5 Егер:

7.5.1 Абонентке Қызметтерді көрсету тоқтатылған болса, бұл Қызметтердің берілуі бойынша талаптарды бұзғандықтан, ал бұл бұзушылықтар Абонентпен жойылмаса;

7.5.2 Абонентке берілген Қызметтердің ақысы бойынша мерзімді бұзғандықтан Қызметтердің көрсетілуі тоқтатылса және Абонент 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде өз міндеттемелерін орындамаса;

7.5.3 Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Шартпен көзделген басқа жағдайларда Оператор кез келген уақытта Шарттан біржақты бас тартуға құқылы.

Аталған жағдайларда Шарт Оператор тарапынан Абонентке Шарттың тоқтатылғаны туралы хабарлама жіберілген күннен бастап тоқтатылды деп есептеледі.

7.6 Шартты тоқтату/одан бас тарту/осы Шарттың әрекетін тоқтату Тараптарды өзара есеп айырысудан босатпайды. Оператордың кінәсі бойынша берілмеген Қызметтер үшін Абонентке төленген ақшалардың қайтарылуы, берілген Қызметтердің құнын шегере отырып, Абоненттің қайтару туралы өтінімін тіркеген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылады. Абоненттің өтінімі бойынша ақшаны қайтару Оператор белгілейтін басқа қызметтермен де жүзеге асырылуы мүмкін.

7.7 Шартты тоқтату/одан бас тарту/Шарттың әрекетін тоқтату кезінде Қызметтерді Абонентке ұсыну үшін пайдаланылған кез келген Оператор ресурстары ақпаратты жоғалту мүмкіндігімен босатылуы мүмкін.

7.8 Тараптар осы Шартта көрсетілмеген жағдайларда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес әрекет етуі тиіс.

7.9 Оператордың қайта ұйымдастыруы (оның ішінде атауын, деректерін өзгерту) Шартты қайта жасауға әкеп соқпайды, осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер құқықтық мирасқорлық болып табылатын заңды тұлғаға беріледі.

8. БАСҚА ШАРТТАР

8.1 Осы Шарттың талаптарымен реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет етеді.

8.2 Қызметтерді ұсыну/алуға байланысты туындайтын кез келген даулар Тараптар тарапынан келіссөздер арқылы шешілуге тырысады, ал Тараптар өзара келісімге келе алмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде шешіледі, мұнда осы Келісімнен туындайтын даулар Оператордың орналасқан жеріндегі сотта қаралады.

8.3 Абоненттің міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда, төлем мерзімі өткен кезде, Оператор дауларды нотариусқа орындау жазбасы үшін жүгінуге құқылы. Нотариустың орындау жазбасы Оператордың өтінішіне сәйкес Оператордың таңдауы бойынша:

- Келісімге қосылу туралы өтініште көрсетілген Абонентке қызметтерді ұсыну мекенжайы бойынша;
- Абоненттің тұратын жері немесе орналасқан жері (физикалық тұлға - Абоненттің қызмет көрсету кезеңінде берген фактілік мекенжайы);
- Оператордың және/немесе Абоненттің тұратын жеріне, орналасқан жеріне немесе тіркелген орнына қарамастан, Қазақстан Республикасындағы кез келген нотариустың мекенжайы бойынша.

8.4 Осы Шарт бірдей заңдық күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалған. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерде қайшылықтар болған жағдайда, Тараптар Шарттың ережелерін нақтылау үшін орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

8.5 Осы Шарт барлық Абоненттерге қолданылады және осы Шарт Оператордың сайтында орналастырылған сәттен бастап Жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетуге бұрын жасалған Жария шартты ауыстырады.

8.6 Қысқа мәтіндік хабарламаларды жаппай тарату немесе осы Шарт Операторының сайтында жариялау сәтінен бастап күнгізбелік 30 (отыз) күн ішінде Абонент 7.4-тармаққа сәйкес Шарттан бас тарту туралы өтініш беруге құқылы. Келісім-шарт. Оператордың көрсетілген мерзімде бас тартуды алмауы, сол сияқты Абоненттің Оператордың қызметтерін пайдалануы абоненттің осы Шарттың талаптарын сөзсіз келісуін және қабылдауын білдіреді.

9. БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН САНАЛЫ ПАЙДАЛАНУ САЯСАТЫ

9.1 Осы Келісім бойынша «Тұрақты сымсыз интернет» қызметтерін ұсыну барысында Оператор байланыс қызметтерін пайдалану саясатын, 2-қосымшада көрсетілгендей, пайдаланады.

9.2 Оператор аталған байланыс қызметтерін саналы пайдалану саясатының бұзылуын анықтаған жағдайда, өз қалауы бойынша:

1. Абонентті алдын ала хабарламай, байланыс қызметтерін саналы пайдалану саясатының бұзылған қызметтерін тоқтата алады, немесе жеке қызметтерді тоқтату мүмкін болмаған жағдайда, Абоненттің басқа Тарифтік жоспарға ауысуына немесе шексіз немесе соған тең қызметтерді қосуға дейін барлық қызметтерді тоқтата алады;

2. Шексіз деректерді беру бойынша тарифтік жоспарлар мен қызметтерді алдын ала хабарламай, Абоненттің деректерді берудің максималды өткізу қабілетін Абонент байланыс қызметтерін саналы пайдалану саясатының бұзылуын жойғанға дейін және Операторға бұл жою туралы хабарлағанша шектеуге құқылы.

9.3 Абоненттің немесе басқа Абоненттер/үшінші тұлғалардың зиянды әрекеттерін (осы Келісім және байланыс қызметтерін саналы пайдалану саясатына сәйкес Қызметтерді адал алу мақсатынсыз) анықтаған жағдайда, Операторға зиян келтірген Абоненттен осындай зиянның толық көлемде өтелуін, соның ішінде жеке шоттардан ақша алу жолымен талап етуге құқылы.

10. ОПЕРАТОР ДЕРЕКТЕРІ

«Freedom Telecom Operations» ЖШС, Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, 010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1 үй, БСН 240140004034, Банк атауы — «Freedom Finance Kazakhstan» АҚ, Банк БИК — KSNVKZKA, КБЕ 17, ИИК KZ58551Z227005289KZT.

**Жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік
қызметін көрсетуге арналған жария шартқа
№1 Қосымша**

**Жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметін көрсетуге арналған жария
шартқа қосылу туралы ӨТІНІШ және жабдықты қабылдау-беру және монтаждау
жұмыстарын орындау актісі**

_____ қаласы

« ____ » _____

«Freedom Telecom Operations» ЖШС заңды мекенжайы: Қазақстан, 010017, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел даңғылы, 33/1 ғимарат, БСН 240140004034 (бұдан әрі - Оператор) Интернетке қолжетімділік қызметтерін алу мақсатында, осымен жеке тұлғалар үшін Интернетке қолжетімділік қызметтерін көрсетуге арналған жария шартқа қосыламын (бұдан әрі - Жария Интернет қызметтерінің шарты), <https://ftel.kz> сайтта орналастырылған, сондай-ақ онымен танысқанымды растаймын және осы Шарттың талаптарымен толық көлемде келісімді беремін.

Абоненттің деректері:

ТАӘ	
Мекен-жайы	
ЖСН	
Құжат деректері	Нөмірі:
	Берілген күні-қолданылу мерзімі:
	Беру органы:
Байланыс нөмірі (- а) (смс-нотификаттау және Қызметтерді басқару үшін)	

Қызмет көрсетуге арналған деректер:

Логин / Жеке шот	
Құпия сөз	
Тарифтік жоспар	
Абоненттік төлем	
Орнату төлемі	
Роутерді жалға алу	<input type="checkbox"/> Да / <input type="checkbox"/> Нет / <input type="checkbox"/> Меншікті
Роутерді сатып алу	<input type="checkbox"/> Да / <input type="checkbox"/> Нет / <input type="checkbox"/> Меншікті
Теледидар қызметі	<input type="checkbox"/> Да / <input type="checkbox"/> Нет
STB жалдау	<input type="checkbox"/> Иә / <input type="checkbox"/> Жоқ / <input type="checkbox"/> Меншікті

Теледидар қызметі қосылған жағдайда («Freedom Media»), танысқанымды растаймын және <https://fmedia.kz> сайтта орналастырылған Оператордың телерадио хабарларын тарату қызметтерін көрсетуге арналған Жария шартқа қосыламын.

Жария шарттарға қосыла отырып, Оператор абоненттерінің дербес деректерін жинауға, өңдеуге және қорғауға қатысты саясатқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге өз келісімді растаймын.

_____ Қолы

_____ ТАӘ

ЖАБДЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУ-БЕРУ ЖӘНЕ МОНТАЖДАУ ЖҰМЫСТАРЫН ОРЫНДАУ АКТІСІ

_____ қаласы

« ____ » _____

Осымен растаймын және келісемін:

- Менің өтінімім негізінде Оператор өкілдерімен Абонентті Интернетке қолжетімділік қызметіне қосу бойынша монтаждау жұмыстарын жүргізді;
- жұмыстар тиісті түрде орындалды, олардың сапасы мен көлеміне ешқандай шағым жоқ;
- көрсетілетін қызметтің жұмыс қабілеттілігі тексерілді;
- жабдықтың сапасына, санына, құрамдас бөліктеріне, сондай-ақ оның жұмысқа қабілеттілігіне ешқандай шағым жоқ;
- Интернетке қолжетімділік қызметіне қосылу бойынша монтаждау жұмыстарының аяқталу күні осы өтініштің жасалған күні болып есептеледі;
- төменде көрсетілген жабдықты орнату және беру:

Орнатылған жабдық:

№	Атауы	Сериялық нөмірі	Құны
1	Wi-Fi – роутер		
2	STB бокс		
3	ONT роутер		

«Роутерді жалға алу» немесе «STB жалға алу» қызметін қосқан кезде жоғарыда аталған жабдықтар мен жиынтықтауыштар осы жабдықты қабылдау-беру актісіне қол қойылған күннен бастап телекоммуникация қызметтерін уақытша пайдалануға беру мақсатында телекоммуникация қызметтерін пайдалану мерзіміне беріледі. Қызметті пайдалану тоқтатылған жағдайда Абонент Операторға берілген жабдықты ақаусыз күйде және барлық жиынтықтауыштармен тиісті түрде қайтаруға міндеттенеді, әйтпесе олардың құнын өтеуге міндеттенеді.

_____ Қолы

_____ ТАӘ

БАЙЛАНЫС ҚЫЗМЕТТЕРІН РАЦИОНАЛДЫ ҚОЛДАНУ САЯСАТЫ

1. Оператор барлық Абоненттерге жоғары сапалы Қызметтерді ұсынуға және ақпаратты еркін алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етуге ұмтылады. Осыған байланысты, Абонент сақтауға міндетті байланыс қызметтерін рационалды пайдалануға қатысты ережелер енгізіледі.
2. Байланыс қызметтері, Оператор мен Абонент арасындағы Шартта басқаша көрсетілмесе, тек Абоненттің жеке пайдалануы үшін арналған. Кейбір тарифтік жоспарлар мен қызметтер деректерді беру бойынша шексіз қолжетімділікті қамтуы мүмкін, бұл деректерді беру жылдамдығын төмендетуді және/немесе белгілі бір әрекеттерге (мысалы, P2P (торрент) желілерінде файлдарды жүктеу/тарату, VoIP/SIP қызметтерін пайдалану, бейнемазмұнды қарау және т.б.) шектеулерді білдіреді. Мұндай шаралар тұрақты немесе уақытша негізде, мысалы, Абонент трафикті пайдаланудың белгілі бір шегіне жеткен жағдайда енгізілуі мүмкін. Бұл шектеулер барлық Абоненттер үшін қызметтер сапасын қамтамасыз ету үшін, Оператор желісіндегі жоғары немесе ұзақ мерзімді жүктеме жағдайында қажет.

Деректерді беру жылдамдығы келесі жағдайларда төмендетілуі мүмкін:

- желі жүктелген кезде барлық Абоненттер үшін пиковый жүктеме кезеңдерінде;
- трафикті пайдалану көрсеткіштері орташа көрсеткіштерден едәуір жоғары Абоненттер үшін.

Жоғарыда көрсетілген шаралар желі жүктемесін теңдестіруге мүмкіндік береді, себебі базалық станциялардың өткізу қабілеті шектеулі. Сонымен қатар, Оператор әлеуметтік желілерді, мессенджерлерді, электрондық поштаны тексеруді және бейнемазмұнды қолайлы сапада қарауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті жылдамдықты сақтауға тырысады. Абоненттің деректерді беру қызметтерін теріс пайдалану, трафикті мақсатсыз пайдалану және Жария шартқа сәйкес Қызметтерді пайдалану талаптарын бұзатын әрекеттер байланыс қызметтерін рационалды пайдалану саясатын бұзу ретінде қарастырылады.

САНКЦИЯЛЫҚ МӘМІЛЕ

1. Осы №3 Қосымшада (бұдан әрі - Қосымша) келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) Санкциялар/экспорттық бақылау шараларына қатысты қолданылатын заңнама - санкциялар (оның ішінде секторлық санкцияларға жататын бұғатталған тұлғалар мен субъектілерге қарсы) және экспорттық бақылау.

2) Санкциялар - тиісті юрисдикцияның үкіметтік органдары салған, тағайындаған немесе қолданысқа енгізген экономикалық немесе қаржылық санкциялар немесе сауда эмбаргосы (бірлесіп «Үкіметтік органдар»деп аталады)

3) Бұғатталған тұлға - кез келген уақытта, кез келген тұлға (а) мүлкі немесе мүлікке құқығы қандай да бір санкциялармен бұғатталған, (б) санкцияларға сәйкес активтерді мұздату объектісі ретінде айқындалған, (в) тиісті санкцияларға немесе экспорттық бақылау шараларына сәйкес мәмілелерге тыйым салынған немесе (г) тиесілі немесе бақыланатын кез келген тұлға.

4) Секторлық санкцияларға жататын субъект - кез келген уақытта, секторлық санкцияларға ұшыраған, мемлекеттік органдармен қолданылатын немесе жүзеге асырылатын кез келген тұлға.

5) Экспорттық бақылау - импортты, экспортты, реэкспортты, трансфертті, шығаруды, тиеуді, беруді немесе тауарларды, технологияларды, техникалық деректерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді немесе қызметтерді кез келген түрде ұсыну немесе алу жөніндегі заңдар немесе құқықтық актілер, сондай-ақ мемлекеттік органдармен қолданылатын және күшіне енгізілген кез келген заңдар немесе құқықтық актілер.

6) Аффилденген тұлғалар - Абонентті немесе бірдей меншіктегі заңды тұлғаларды бақылауда немесе бақылауда болатын кез келген иеленуші, лауазымды тұлға, директор, серіктес, жетекші, қызметкер; немесе Абоненттің агенттері.

2. Оператордың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Абонент Шарттың кез келген бөлігін немесе құқықтарын, артықшылықтарын үшінші тұлғаларға беруге, ұсынуға немесе басқа түрде беруге құқылы емес. Оператор кез келген әлеуетті мұрагерді тексеру құқығына ие, ал Абонент осы процесте Операторға көмек көрсетуі керек.

3. Абонент қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шараларын сақтауға міндеттенеді. Жоғарыда айтылғанды шектемей, Абонент мыналарды мәлімдейді, растайды және міндеттенеді:

1) Абонент те, оның лауазымды тұлғалары да, директорлары немесе акционерлері де, абоненттің мәліметтері бойынша оның агенттері, қызметкерлері немесе басқа үлестес тұлғалары да мәмілелерге тиісті санкциялармен немесе экспорттық бақылау шараларымен тыйым салынған секторлық санкцияларға жататын бұғатталған тұлға немесе субъект болып табылмайды.

2) Оператормен немесе осы Шартпен байланысты кез келген әрекеттер барысында Абонент тікелей немесе жанама түрде, қандай да бір санкцияларды немесе экспорттық бақылау талаптарын бұзу мақсатында қандай да бір өнімдерді, жабдықтарды, технологияларды немесе бағдарламалық қамтамасыз етуді кез келген елге немесе тұлғаға экспорттауға, реэкспорттауға, жіберуге, сатуға, жеткізуге немесе басқа түрде беруге тыйым салады.

4. Абонент Операторды қандай да бір қолданылатын санкцияларды/экспорттық бақылауды бұзуға мәжбүр етпейді.

5. Абонент кез келген күдікті немесе расталған бұзушылықтар немесе Оператор алдындағы шарттық міндеттемелерді орындамау мәселелері туралы Операторды дереу хабардар етуі керек.

6. Оператордың құқықтары:

1) Оператор өз Абоненттерін басқару бағдарламасына сәйкес тұрақты мониторинг пен бақылау жүргізуге құқылы. Оператор қажетті тексерулерді жүргізу үшін тәуелсіз үшінші тұлғаны таңдау құқығына ие. Абонент және оның Аффилірленген тұлғалары мұндай тексерулерді жүргізу барысында толық және адал түрде ынтымақтастық жасауы керек. Тексеру нәтижелері негізінде Оператор Шартты тоқтатуға құқылы.

2) Абоненттің немесе оның Аффилирленген тұлғаларының осы Қосымшадағы 2,5 т. және Қолданылатын санкциялар/экспорттық бақылау шараларына сәйкес талаптарды сақтауын тексеру үшін сауалнамалар мен аудиттер жүргізуге (тікелей немесе Оператор тарапынан тартылған тәуелсіз үшінші тұлғалар арқылы) құқылы. Мұндай сауалнамалар мен аудиттер көлемі, орналасқан жері, күні мен уақыты бойынша орынды болады. Абонент, оның Аффилирленген тұлғалары немесе Оператор атынан әрекет ететін үшінші тұлғалар мұндай сауалнамалар мен аудиттерде толық және адал түрде ынтымақтастық жасауы керек.

3) Егер Оператор Абонент немесе оның Аффилирленген тұлғалары 2-5 т. талаптарын бұзғаны немесе бұзуы мүмкін екендігі туралы негізді күдіктенсе, Оператор Абонентке қызмет көрсетуін дереу ақылға қонымды мерзімге тоқтата алады, осы мерзім ішінде қажетті аудит жүргізеді.

7. Шартта көрсетілген кез келген растаулар мен/немесе міндеттемелердің бұзылуы, Оператордың пікірінше, Оператор үшін қолайсыз салдарға әкелуі мүмкін, маңызды бұзушылық ретінде қарастырылады, бұл Операторға біржақты түрде қызметтерді көрсетуге және Шартты тоқтатуға құқық береді.

8. Абонент Операторды және оның өкілдерін кез келген жауапкершіліктен толық босатуға келіседі және Абоненттің 2-5 т. талаптарын бұзуынан туындаған кез келген шығындар, шығындар, жоғалту, міндеттемелер, айыппұлдар, өсімпұлдар және/немесе шығындар (заңгерлік шығындар мен гонорарларды қоса) жөнінде өтемақы төлеуге кепілдік береді. Егер қолданылатын санкциялар Оператордан осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді тоқтату немесе уақытша тоқтату талап етсе, онда бұл Шартты бұзу ретінде қарастырылмайды.